

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № 28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасы»  
КММ

**Қамқоршылық кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Откізілген уақыты: 2022 жылғы 03 наурыз

Откізілген орны: Нұр-Сұлтан қаласы

**ҚАТЫСҚАНДАР:** 10 адам (5 адам қамқоршылық кеңестің құрамы, 5 адам балабақша ішінен құрылған комиссия құрамы)

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. №28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасы» КММ жұмысын бағалау нәтижесі бойынша мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттардың 1-қосымшасы бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп беру туралы.

2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес №28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасы» КММ өзін-өзі бағалау қорытындысымен таныстыру туралы.

**ТЫНДАЛДЫ:** Менгеруші К.С.Жамалиева «Білім беру үйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 02 ақпандағы № 124 бұйрығы, «Білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығына сәйкес балабақша наурыз айында 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2021-2022 оку жылы кезеңдеріне мемлекеттік аттестаттаудан ететінін қысқаша айтып өтті.

Менгеруші К.С.Жамалиева бағалау өлшемшарттарын таныстыру үшін әдіскер А.А.Кошербаеваға сөз берді. Әдіскер А.А.Кошербаева сөз алды.

1. Балабақша ішінен құрылған комиссия мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттардың 1 қосымшасы бойынша балабақша жұмысын бағалады.

2. Балабақшада ҚР МЖМБС және үлгілік оку бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындалуын қамтамасыз ететін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің 91 % құрады және uzdik бағалауына сәйкес келеді.

3. Үлгілік оку бағдарламарына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететеін пәндік-кеңестік дамытушы орта құру.

Балабақшаның интернет жылдамдығы бір жерге 30 Мбит/с-тан астам берілген uzdik бағалауына сәйкес келеді.

4. Комиссия зияткерлік байқауларға қатысу нәтижелерін uzdik деп бағалады.

5. ҚР МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша мектепалды даярлық топтары барлық бала саны 9 бала, оның ішінде 9 сауалнама – 100% респонденттер қатысты және uzdik бағалауына сәйкес келді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларымен бөлісті.

### СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

А.М.Байтанағова: - қамқоршылық кеңесінің төрағасы. ҚР БФМ 2021 жылдан бастап білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды өткізу ді қайта бастады. Өзін-өзі бағалау туралы есеп нақты және барлық бөлімдерді қамтитынын атап өткім келеді. Сіздерге сәттілік тілеймін!

Ж.М.Махметова: Балабақша туралы ата-аналар жағынан тек жағымды пікірлер айтылып жатады. Біз ата-аналармен толығымен келісеміз. Біз қамқоршылық кеңестің мүшелері ретінде көмектесуге дайынбыз. Сіздерге сәттілік тілеймін!

Д.О.Утегенова: Менін ұлым «Ақбота» тобына барады, балабақша өте жақсы, ұжым мейірімді. Үлкен сәттілік тілеймін!

К.С.Жамалиева: Құрметті Қамкоршылық кеңесінің мүшелері, Сіздерге балабақша өміріне қатысқандарының үшін алғыс айтамын! Сіздерге де сәттілік тілеймін.

А.М.Байтанағова: Қамқоршылық кеңесінің отырысына шығарылған барлық мәселелер қаралды. Ұсыныстар? Толықтырулар? Ұсыныстар мен толықтырулар жоқ, жиналыс жабық деп жарияланады.

**ҚАУЛЫ ЕТТИ:** №28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасының аттестатталатын кезеңіндегі өзін-өзі бағалауын өткізу жөніндегі жұмысы жақсы деп танылсын.

### ШЕШІМІ:

1. №28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасының аттестатталатын кезеңіндегі өзін-өзі бағалауын өткізу жөніндегі жұмысы жақсы деп танылсын.

2. Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы балабақша сайтында орналастырылсын.

Төрайымы  
Хатшы

*Ербозова*

К.Жамалиева  
С.Ербозова

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

А.М.Байтанағова *Байтанағова*  
Ж.М.Махметова *Махметова*  
Е.У.Ускенов *Ускенов*  
Д.О.Утегенова *Утегенова*  
Т.К.Баймаганбетова *Т.К.Баймаганбетова*